
Manuale utente
User's Manual
Manual de usuario
Manual do usuário
Manuel d'utilisation
Руководство по эксплуатации
المستخدم دليل
คู่มือผู้ใช้
Hướng dẫn sử dụng
Panduan pengguna
Пайдаланушы нұсқаулығы
Foydalanuvchi qo'llanmasi

262 21003

TAGLIERINA AL PLASMA
PLASMA CUTTER
CORTADOR DE PLASMA
CORTADOR DE PLASMA
DÉCOUPEUR PLASMA
ПЛАЗМОРЕЗ




قاطع البالزما
เครือ่ งตดั พลาสม่า
MÁY CẮT PLASMA
PEMOTONG PLASMA
ПЛАЗМАЛЫҚ КЕСКІШ
PLAZMA TO'SAR




AirCut PC-400


Produced:
S/N:


A


	A1.		A2.		A3.		A4.		A5.		A6.
	A7.		A8.		A9.		A10.		A11.		A12.
	A13.		A14.		A15.		A16.		A17.		A18.
					A19.						A20.

B






C
SF
L
N
PE
L
N
SWG
WM


D
E
2
1
90°
1
2
30°
F
90°
3


G
Электрод
Қорғаныс қалпақшасы
Защитный колпачок
Диффузор
Сопло
Оттық
Электрод

Шығын материалы Расходный материал	Фото	Регламент	Ауыстыруға арналған артикул Артикул для замены
Керамикалық қалпақша Керамический колпачок		Ауыстыру - қатты тозу, жарықтар, күйік іздері немесе механикалық зақымданулар болған жағдайда./ Замена - в случае сильного износа, трещин, следов прогара или механических повреждений.	WA-3940
Сопло		Ауыстыру - деформацияланған немесе тесік қатты кеңейген жағдайда./ Замена - в случае деформации или сильного расширения отверстия.	WA-3942 (стандартты /стандарт) WA-3943 (ұзартылған/ удлиненный)
Диффузор		Ауыстыру - механикалық зақымданулар, тозу, күю немесе желдету тесіктерінің бірі бітеліп қалған жағдайда./ Замена - в случае механических повреждений, износа, прогара или засорения одного из вентиляционных отверстий.	WA-3941
Электрод		Ауыстыру – тозған жағдайда немесе жұмыс ұзындығы 2 ммге дейін қысқарғанда./ Замена – в случае износа или рабочая длина сократилась до 2 мм.	WA-3944 (стандартты /стандарт) WA-3945 (ұзартылған/ удлиненный)
Плазмалық кескіш WGC-31 3 метр/ Резак плазменный WGC-31 3 метра		Тозған немесе зақымданған жағдайына қарай ауыстыру./ Замена по мере износа или повреждения.	WGC-3130
Плазмалық кескіш WGC-31 5 метр/ Резак плазменный WGC-31 5 метров		Тозған немесе зақымданған жағдайына қарай ауыстыру./ Замена по мере износа или повреждения.	WGC-3150


H
29
28
18
19
20
21
22
23
24
17
26
16
25
15
1
2
3
4
5
6
7
27
8
9
10
11
14
13
12


K1
D13
35A
XSA1
XSA3
XS1
XS2
L1
L2
T2
T3
200:1
R43
220K
R49
220K
C26
C27
C30
C33
C35
C37
475 /250V
G1
G2
G3
G4
RA3
RA6
CA1
CA2
1n/2KV
CB1
CB2
CB3
CB4
2.2n/2KV
4.7n/2KV Y2
CY3
CY4
XSA5
XSA6
VR470
14D471
CX3
100n/630V
RX1
10K 10W
RB1
RB2
RB9
D23
D24
D25
D27
100R 15P
R40
DC 12V
J1
D16
R41
200R
CN5
CN1
DCDC
DRIVE
PWR
+5V
+15V
-15V
+24V
GND
E2
E3
E1
G1
G2
G3
G4
OUTB
OUTA
CS+
CS-
I-DIS
RLY
U7
RFD110
XS9
XSB2
XSB3
XSB4
OHT1
CN8
CN2
CX1
100n/100V
CY1
CY2
COTR2
COTR1
H-AC2
H-AC1
HF
PUM2
PUM1
CN3
PUPM
QF2
QF1
IIF-C
GAS-C
IF
OHTLED
IP
POSTGAS2
POSTGAS1
10000-AC2
10000-AC1
XSA4
CY8
C90
104/63
C91
104/63
CN9
CN7
LED1
5D GREEN
LED2
5D Y
5.1K
R166
R44
OHTLED 10K
56K
R45
CN6
R164
2.2K

ҚҰРМЕТТІ САТЫП АЛУШЫ!

Solaris дәнекерлеу аппаратын сатып алғаныңыз үшін Сізге шынайы алғысымызды білдіреміз.

Өндіруші бұйымдардың технологиялық және пайдалану параметрлерін жақсарту мақсатында олардың конструкциясына, техникалық сипаттамаларына және жиынтықталуына тұтынушыға алдын ала хабарламай өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Осы пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықты мұқият зерделеңіз. Оны қауіпсіз жерде сақтаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА МҰҚИЯТ ТАНЫСЫП ШЫҒЫҢЫЗ!

Бұл аппарат олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғаның қадағалауында болмаған немесе аппаратты пайдалану туралы нұсқау алмаған болса, физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері төмен, немесе өмірлік тәжірибесі мен білімі жоқ адамдардың (соның ішінде балалардың) пайдалануына арналмаған. Балалардың аппаратпен ойнауына жол бермеу үшін олар қадағалауда болуы тиіс.

А класындағы бұл аппарат электр энергиясы қоғамдық төмен вольтты электрмен жабдықтау жүйелері арқылы берілетін тұрғын үй орындарында пайдалануға арналмаған. Бұл орындарда кондуктивті, сондай-ақ таралатын радиожиілікті кедергілерге байланысты электромагниттік үйлесімділікті қамтамасыз етуде ықтимал қиындықтар туындауы мүмкін. Бұл жабдық IEC 61000-3-12 талаптарына сәйкес келмейді. Егер бұл жабдық қоғамдық төмен вольтты электрмен жабдықтау жүйесіне қосылса, онда оны орнатушы немесе пайдаланушы қосылу мүмкіндігін қамтамасыз етуге жауапты болады (қажет болса - желілік ұйым өкілімен кеңесе отырып). Аппарат оқшауланған затворы бар биполярлы транзисторларды (IGBT) қолдана отырып, заманауи элементтік базада жиналған.

Бұл аппарат мәжбүрлі салқындату жүйесі бар металдарды плазмалық кесуге арналған портативті (ауыстырмалы) аппарат (плазмарез) болуымен ерекшеленеді. Аппарат төмен көміртекті болатты, таттанбайтын болатты, жоғары беріктікті болатты, легирленген болатты және басқа да түсті металдарды кесу үшін қолданылуы мүмкін. Аппаратты металл конструкцияларын, қазандарды жасауда, құбыр өндірісінде, медициналық жабдықтарда, машина жасауда және басқа да көптеген салаларда кеңінен қолдануға болады. Аппаратта қызып кетуден қорғаныс бар, номиналды кернеуі 230 Вольт болатын бір фазалы айнымалы ток желісінен жұмыс істеуге арналған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Металды плазмалық кесу әдісімен кесу жұмыстары жоғары шоғырлануды және зейінділікті талап етеді!

Егер сіз шаршаңқы физикалық, психикалық және эмоционалдық күйде болсаңыз, сондай-ақ алкогольдік, есірткілік және психотроптық мас күйде немесе зейінді төмендететін дәрі-дәрмектердің әсерінде болсаңыз, аппаратты пайдалануға кіріспеңіз.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

A1. Дәнекерлеу аппаратын пайдалануға және оған техникалық қызмет көрсетуге осы нұсқаулықпен танысқан, білікті және арнайы оқытылған персонал ғана жіберіледі. Бұл нұсқаулықта дәнекерлеу аппаратын дұрыс пайдалану үшін қажетті сипаттама, қауіпсіздік ережелері және барлық тиісті ақпарат қамтылған. Осы нұсқаулықты сақтаңыз және дәнекерлеу аппаратын қауіпсіз пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету, сақтау және тасымалдау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда оған жүгініңіз.

A2. Пайдалану алдында осы нұсқаулықты немесе оның көшірмесін құрылғы операторына танысу үшін міндетті түрде беріңіз.

A3. Дәнекерлеу аппаратының ашық ток өткізгіш кабельдерімен жанасудан аулақ болыңыз, электрод ұстағышқа және дәнекерленетін бетке қол тигізбеңіз. Қуат көзіне қосылатын жерлерге немесе дәнекерлеу аппаратының ток астында тұрған басқа бөліктеріне қол тигізбеңіз. Жұмысты аяқтағаннан кейін немесе жұмыс орнын қалдырып кетер алдында қуат көзін дереу ажыратыңыз. Электр тоғының соғу қаупі бар жерлерде ешқашан жұмыс істемеңіз.

A4. Дәнекерлеу жұмыстары өртке әкеп соғуы мүмкін! Жанғыш және тез тұтанатын материалдарды дәнекерлеу орнынан 10 метрден жақын арақашықтықта орналастырмаңыз. Ұшқындар мен шашырандылардың денеге тимеуін қадағалаңыз. Құрамында тез тұтанатын немесе жарылыс қаупі бар материалдары болуы мүмкін сыйымдылықтарды ешқашан дәнекерлемеңіз.

A5. Дәнекерлеу кезінде ауаға бөлінетін түтін мен газ денсаулыққа қауіпті. Жұмысты бастамас бұрын сору және іркінді желдету жүйелерінің дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.

A6. Дәнекерлеу кезінде өңделетін беттің температурасы көтерілетінін есте сақтаңыз, сондықтан күйіп қалмау үшін өңделетін бөлшектерге қол тигізбеуге тырысыңыз.

A7. Аппараттың салқындатуға арналған кірістірілген желдеткіші бар. Жарақаттануды және зақымдануды болдырмау үшін желдеткішке саусақтарыңызды немесе басқа заттарды салмаңыз.

A8. Дәнекерлеу аппараттары электромагниттік толқындар шығарады және радиожиіліктерге кедергі келтіреді, сондықтан аппаратың тікелей жанында кардиостимуляторды немесе электромагниттік толқындар мен радиожиіліктер кедергі келтіретін басқа керек-жарақтарды пайдаланатын адамдардың болмауын қадағалаңыз.

A9. A10. A11. A12. Әрқашан қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз. Көздің және тері жамылғысының зақымдануын болдырмау үшін қорғаныс киімін және арнайы қорғаныс құралдарын киіңіз. Дәнекерлеу аппаратымен жұмыс істеу кезінде әрқашан қорғаныс маскасын киіңіз немесе қорғаныш күңгірттелген әйнегі бар көзілдірікті пайдаланыңыз. Доғаның сәулеленуі дәнекерлеу орнының жанындағы басқа адамдарға түспейтініне көз жеткізіңіз. Қауіпсіздік мақсатында қорғаныс жерге тұйықтау өткізгіші бар қоректендіру желісін міндетті түрде пайдаланыңыз. Аппараттың артқы панеліндегі жерге тұйықтау бұрандасын қосымша пайдаланыңыз. Электр кабелі зақымдалған болса, аппаратты пайдаланбаңыз. Сервистік орталыққа хабарласыңыз. Су астында немесе ылғалдылығы жоғары орындарда жұмыс істемеңіз.

Жұмыстың аса қарқынды режимдерінде дыбыстың адамдарға ұзақ уақыт бойы әсер етуі (LEPd) 85 дБ(А) тең немесе одан жоғары болған жағдайда, есту мүшелерін қорғайтын жеке қорғаныс құралдарын – құлаққаптарды немесе құлақ тығындарын (бируши) міндетті түрде пайдаланыңыз. Биіктіктегі жұмыстар кезінде жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін биіктіктегі жұмыс қауіпсіздігі техникасының ережелерін сақтаңыз. Өндіруші өнімдердің технологиялық және пайдалану параметрлерін жақсарту үшін олардың конструкциясына, техникалық сипаттамаларына және жиынтықталуына тұтынушыға ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Осы пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықты мұқият зерттеп шығыңыз. Оны қорғалған жерде сақтаңыз. Қызуды сынау қоршаған орта температурасында жүргізілді, ал жүктеме циклі (коэффициенті) симуляция жасау арқылы 40 °С температурада анықталды.

A13. Аппарат арнайы кәдеге жаратуды талап етеді. Тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды.

A14. Тұрақты токта дәнекерлеу.

A15. Назар аударыңыз, жалпы қауіп! Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқыңыз.

A16. Назар аударыңыз! Кесу өртке немесе жарылысқа әкелуі мүмкін.

A17. Электр доғасы көз бен теріге қауіпті сәулелер бөледі. Өзіңізді қорғаңыз!

A18. Жиілігі 50/60 Гц бір фазалы кернеу.

A19. Плазмалық кесу

A20. Трансформациясы және түзетілуі бар бір фазалы инвертор.

U_0 – Бос жүрістің шығыс кернеуі, В.

U_1 – Қоректендіру кернеуі, В.

X – Қосылу ұзақтығы, %.

I_2 – Жұмыс цикліне сәйкес келетін шығыс тогы, А.

U_2 – Шығыс тогына сәйкес келетін дәнекерлеу кернеуі, В.

IP21S – Бөгде денелердің, шаң мен ылғалдың өтуінен қорғау класы.

I_{1max} – Максималды рұқсат етілген ток, А.

I_{1eff} – Номиналды кіріс тогы, А.

ЖИЫНТЫҚТАЛУЫ

1. Плазмарез – 1 дана
2. Аксессуарлары бар плазмалық кескіш (резак) – 1 дана
3. Жерге тұйықтау клеммасы – 1 дана
4. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана

В. АППАРАТТЫҢ НЕГІЗГІ ТОРАПТАРЫ

1. Кесу тогының индикаторы
2. AIR CHECK / CUT ауыстырып-қосқышы
3. Желінің бар екенін көрсететін индикатор
4. Қателіктің бар екенін көрсететін индикатор
5. Кесу тогын реттеу потенциометрі
6. «+» күштік терминалы:
жерге тұйықтау қысқышы қосылады
7. Кескіш батырмасын қосуға арналған ажыратқыш
8. «-» күштік терминалы:
кескіш қосылады
9. Кабель енгізгіші
10. Желілік ажыратқыш
11. Салқындату желдеткіші
12. Компрессор

Н. ПРИНЦИПТІ СХЕМА

1. алдыңғы панель
2. дисплей
3. режимдерді ауыстырып-қосқыш

4. индикатор
5. индикатор
6. потенциометр
7. потенциометрге арналған накладка
8. ажыратқыш корпусы
9. ажыратқыш
10. кескіш батырмасының ажыратқышы
11. кескіштің күштік ажыратқышы
12. тіреуіш аяқша
13. төменгі панель
14. компрессор
15. іске қосу конденсаторы
16. артқы панель
17. желдеткіш торсығы
18. кабель енгізгіші
19. желілік ажыратқыш
20. желдеткіш
21. негізгі плата
22. басқару платасы
23. қуат көзі платасы
24. қалқа (перегородка)
25. тұтандыру платасы
26. ауа сүзгісі
27. шығыс штуцері
28. қаптама (кожух)
29. тасымалдау тұтқасы

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Үлгісі: PC-400

Артикулы: PC-400
Номиналды кернеу: ~ 230 В ± 15%
Қоректендіру желісінің жиілігі: 50/60 Гц
Желі түрі: 1 фаза
Бос жүріс кернеуі: 270 В
Номиналды шығыс: 40 А / 96 В
Шығыс тогының ауқымы: 15-40 А
Макс. токтағы жұмыс циклі (ҚҰ):
40°С кезінде (EN 60974-1) - 35 %
20°С кезінде - 60 %
Кірістегі номиналды ток: 14,9 А
Кірістегі максималды рұқсат етілген ток: 25,2 А
Макс. токтағы номиналды тұтынылатын қуат: 5,8 кВт
Максималды кесу қалыңдығы: 15 мм
Түсті металдарды кесу қалыңдығы: 9 мм
Компрессордың номиналды жұмыс қысымы: 0,4 – 0,5 МПа (4-5 бар)
Компрессордың ауа сүзгісінің қосылу бұрандасы: 1/4"
Тиімділігі: η 0,87
Қуат факторы: COS φ 0,91
Оқшаулау класы: F
Қорғау класы: IP21S
Салмағы (керек-жарақтарсыз): 18,5 кг
Салмағы (керек-жарақтармен): 20,2 кг
Габариттік өлшемдері (Ұ×Е×Б): 42x19x36 см

*Ескертпе: Номиналды шығыс параметрлері 230 В номиналды кіріс кернеуі үшін көрсетілген. Номиналдыдан өзгеше, төмендетілген кернеу кезінде шығыс параметрлері көрсетілгеннен төмен болуы мүмкін.

АППАРАТТЫҢ ҚОРҒАНЫС ФУНКЦИЯЛАРЫ

Ауытқулы жағдайлардан қорғау: Жүктеме процесінде күштік элементтер айтарлықтай қызады. Соңдықтан аппаратта термосақтандырғыш көмегімен күштік тізбектерді қорғау қамтамасыз етілген. Аппарат шамадан тыс жүктелген немесе жеткіліксіз салқындатылған жағдайда, аппараттың алдыңғы панелінде қателіктің бар екенін көрсететін жарық индикаторы жанады, бұл ретте аппараттың істен шығуын болдырмау үшін шығыс тогы мәжбүрлі түрде ең төменгі мәнге дейін төмендетіледі. Аппарат салқындап, қорғаныс жарық индикаторы өшкеннен кейін кесуді жалғастыруға болады.

Баяу іске қосу функциясы: бұл функция құрылғыны қосқан сәтте желілік ажыратқыш пен кіріс тізбегі элементтерінің мезгілінен бұрын істен шығуын болдырмай, кіріс сүзгісінің электролиттік конденсаторларын баяу зарядтау үшін іске асырылған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! АППАРАТТЫҢ КІРІС ТІЗБЕКТЕРІНІҢ ЗАҚЫМДАЛУЫН БОЛДЫРМАУ ҮШІН АППАРАТТЫ КЕРНЕУІ 380 В АЙНЫМАЛЫ ТОҚ ЖЕЛІСІНЕ ҚОСУҒА ҚАТЕҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Назар аударыңыз! Доғалық дәнекерлеуге арналған аппаратты дұрыс орнату және пайдалану ықтимал кедергі келтіретін электромагниттік эмиссияны барынша азайту үшін қажет.

Назар аударыңыз! Доғалық дәнекерлеуге арналған жабдықты дұрыс орнату және пайдалану ықтимал кедергі келтіретін электромагниттік эмиссияны барынша азайту үшін қажет.

Орнату орны

Дәнекерлеу аппаратын орнату орны тікелей күн сәулесінің, жаңбырдың, ылғалдың, күйдіргіш және коррозиялық заттардың және дірілдің әсерінен қорғалуы тиіс. Аппаратты орнататын учаскеңізді таза ұстаңыз және жақсы желдетуді қамтамасыз етіңіз. Аппаратты орнататын учаскеңізді таза ұстаңыз және жақсы желдетуді қамтамасыз етіңіз. Қоршаған орта температурасы: дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде: 0 ~ + 40 °С, тасымалдау және сақтау кезінде: -20 ~ +50 °С. Салыстырмалы ылғалдылық: 40 °С кезінде: ≤ 50%, 20 °С кезінде: ≤ 90%. Ашық ауада жұмыс істегенде желдің жылдамдығы 1 м/с-тан аспауы тиіс. Аппараттың алдыңғы/артқы жағын қабырғадан кемінде 30 см қашықтықта, ал оның сол/оң жағын – кемінде 20 см қашықтықта орналастырыңыз; кез келген екі аппаратты бір-бірінен кемінде 30 см қашықтықта орнатыңыз.

Назар аударыңыз! Желдеткішке және желдету тесіктеріне ауаның кіруін жаппаңыз.

Кескішті қосу:

Кескіштің күштік ажыратқышын «-» таңбасы бар алдыңғы панельдегі шығыс терминалына (**В8**) қосыңыз. Жанартқыш (горелка) батырмасының ажыратқышын алдыңғы панельдегі ажыратқышқа (**В7**) қосыңыз.

Жерге тұйықтау кабелін қосу:

Жерге тұйықтау кабелінің байонетті ажыратқышын «+» таңбасы бар алдыңғы панельдегі шығыс терминалына (**В6**) қосыңыз және сағат тілінің бағытымен бұраңыз. Жерге тұйықтау қысқышы кесілетін материалды электр тізбегіне қосу үшін қолданылады. Жерге тұйықтау қысқышын кесу орнына мүмкіндігінше жақын қосыңыз. Барлық қосылымдардың сенімді бекітілгеніне және босап тұрмағанына көз жеткізіңіз.

Компрессорды құрылғыға қосу:

Аппарат кірістірілген компрессормен жабдықталған, сыртқы компрессорды қосу талап етілмейді.

Назар аударыңыз! Аппарат желілік ашамен жабдықталмаған. Дәнекерлеу аппаратының кабелін үлестіру құрылғысымен тікелей қосқан кезде, ол қысқыштармен жабдықталған болуы тиіс. Қысқыштар аппараттың I1eff тиімді кіріс тогына сәйкес келуі тиіс. Қосуды көрсетілген схема (**С**) бойынша орындау қажет.

SWG – коммутациялық құрылғы
WM – дәнекерлеу машинасы

Аппаратты өнеркәсіптік бір фазалы ашамен (жиынтыққа кірмейді) жабдықтау кезінде ашаның максималды тогы аппараттың тиімді кіріс тогынан (I1eff) кем еместігіне және аша параметрлері Сіздің жергілікті қоректендіру желіңізге сәйкес келетініне көз жеткізу қажет.

Ескертпе: таңбасы ⏚ – жерге тұйықтау сымының белгісі. Бұл сымның оқшаулауы сары-жасыл түспен таңбаланған.

Аппарат корпусының жерге тұйықталғанына көз жеткізіңіз. Қоректендіру желіңіздің PE қорғаныс жерге тұйықтау өткізгішімен жабдықталғанына көз жеткізіңіз.

С. Дәнекерлеу аппаратын кернеуі 230 В және жиілігі 50/60 Гц айнымалы ток электр желісіне қосқан кезде, қосуға арналған розетканы аппарат тұтынатын максималды токқа сәйкес келетін іске қосылу тогы бар автоматты ажыратқышпен немесе балқымалы ендірмемен қорғауды қамтамасыз ету қажет. Сақтандырғышты орнатпас бұрын кіріс қуатын өшіріңіз.

Ұсынылатын жерге тұйықтау сымының және автоматты ажыратқыштың немесе балқымалы сақтандырғыштың сипаттамалары:

Модель: MULTIMIG-221

Номиналды кернеу: 230 В
Максималды рұқсат етілген кіріс тогы: 25,2 А
Тиімді кіріс тогы: 14,9 А
Жерге тұйықтау сымының көлденең қимасы: ≥ 2,5 мм²
Автоматты ажыратқыш: 32 А

Қорек көзінің кернеуі, фазасы, жиілігі және қуаты төлқұжат деректерінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Аппаратты қорек көзіне қосыңыз. Қосылымдардың сенімді екеніне көз жеткізіңіз.

ПАЙДАЛАНУ

Плазмалық кесу түсінігі

Плазмалық кесу – бұл кесу құралы ретінде плазма ағыны қолданылатын металды өңдеу түрі. Электрод пен кесілетін металл арасында электродтық доға тұтанады. Шүмекке (сопло) ауа беріледі, оның қысымымен электр доғасы жоғары температура мен жылдамдығы бар плазма ағынына айналады.

Аппаратты қосыңыз

Алдыңғы панельдегі AIR CHECK / CUT (**В2**) ауыстырып-қосқышын AIR CHECK күйіне орнатыңыз. Аппаратты артқы панельдегі ажыратқыш (**В9**) арқылы қосыңыз – аппарат жұмыс істей бастайды, желдеткіш (**В11**) айнала бастайды. Қосылғаннан кейін плазмарездің компрессоры іске қосылады. Жанартқыш (горелка) шүмегінен ауа беріліп жатқанына көз жеткізіңіз.

Алдыңғы панельдегі AIR CHECK / CUT ауыстырып-қосқышын CUT күйіне ауыстырыңыз. Аппарат жұмысқа дайын.

Кесу тогын реттеңіз

Қажетті токты орнату үшін алдыңғы панельдегі токты реттеу потенциометрін (**В5**) бұраңыз.

Оңтайлы токты таңдау үшін төмендегі кестені пайдалана аласыз:

Материал	Таза кесу қалыңдығы						Максималды қалыңдығы*
Мыс	-	-	1 мм	2 мм	3 мм	4 мм	5 мм
Алюминий	2 мм	3 мм	5 мм	6 мм	7 мм	8 мм	9 мм
Таттан. болат	2 мм	3 мм	5 мм	6 мм	7 мм	8 мм	9 мм
Темір	2 мм	4 мм	6 мм	7 мм	8 мм	10 мм	12 мм
Болат	3 мм	5 мм	6 мм	9 мм	10 мм	12 мм	15 мм
Кесу тогы	15 А	20 А	25 А	30 А	35 А	40 А	40 А

Ескертпе: деректер шамамен келтірілген. Параметрлер кесілетін материалдың күйіне және қоспалардың түріне, берілетін ауаның сапасына, температурасы мен ылғалдылығына байланысты өзгеруі мүмкін. Кесудің максималды қалыңдығы таза кесуге кепілдік бермейді.

D. Кесу бойынша жалпы ұсыныстар

Кесу кезінде ұшқындар кесілетін бөлшектің астынан тік бағытқа қарама-қарсы шамамен 15-25 градус бұрышпен төмен бағытталуы тиіс. Бұл бөлшектің тесілуіне және қалыпты кесу жылдамдығына сәйкес келеді. Егер ұшқындардың бір бөлігі немесе барлық ұшқындар бөлшектің жоғарғы жағына бағытталса, кесу жылдамдығын баяулатыңыз немесе кесу тогын арттырыңыз. Шүмекті (сопло) кесілетін дайындамадан жұлмаңыз. Кесу кезінде шүмек дайындамаға тірелуі тиіс. Егер шүмекті дайындамадан жұлып алса, ол істен шығуы мүмкін.

E. Бөлшектің шетінен кесу

Кескіштің шүмегін бөлшектің шетіне 90° бұрышпен орнатыңыз. Кесу процесін бастау үшін жанартқыш (горелка) пернесін басып тұрыңыз. Кескішті кесу сызығы бойымен бір қалыпта жүргізуге тырысыңыз және шамамен 90 градус бұрышты ұстаңыз.

F. Бөлшекті тесіп өту (прожиг)

Егер кесуді бөлшектің ортасынан емес, шетінен бастау қажет болса, келесі әрекеттерді орындаңыз.

Ескертпе: максималды көрсетілген мәндердің жартысынан асатын бөлшектерді тесіп өту ұсынылмайды. Кескіштің шүмегін бөлшектің кесу басына шамамен 30° бұрышпен орнатыңыз. Кесу процесін бастау үшін жанартқыш пернесін басып тұрыңыз. Орналасу бұрышын 30-дан 90 градусқа дейін баяу ауыстырыңыз. Егер ұшқындар бөлшектің астынан шықса, бұл доғаның металды тесіп өткенін білдіреді. Кескішті кесу сызығы бойымен қозғалта бастаңыз. Кескішті кесу сызығы бойымен бір қалыпта жүргізуге тырысыңыз және шамамен 90 градус бұрышты ұстаңыз. Өңделетін материалмен доғаның байланысы үзілген жағдайда, 15 секунд ішінде қорғаныс ажыратқышы іске қосылады. Кесу аяқталғаннан кейін жанартқыш пернесін жіберіңіз. Шүмекті салқындату үшін ауа жанартқыш арқылы 15 секунд бойы беріледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Егер жанартқыш шамадан тыс қызып кетсе, оны ауа салқындату үшін алдыңғы панельдегі AIR CHECK / CUT ауыстырып-қосқышын AIR CHECK күйіне орнатыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жанартқыш пернесін басқан сәтте қысыммен ауа беру қосылады. Жанартқыш қолыңыздан ұшып кетпес үшін оны мықтап ұстаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Ауыр зардаптардың алдын алу үшін жанартқышты өзіңізге, айналаңыздағыларға және тез тұтанатын заттарға бағыттамаңыз.

Назар аударыңыз! Жұмыс аяқталғаннан кейін аппаратты бірден өшірмеңіз. Аппарат жеткілікті түрде салқындауы үшін жұмыс жүргізілгеннен кейін оны қосулы күйінде қалдырыңыз. Егер қорғаныс индикаторы жанса, бұл термоқорғаныстың іске қосылғанын білдіреді. Аппаратты салқындату уақыты қоршаған орта температурасына байланысты 2-3 минутты құрайды.

Пайдаланғаннан кейін аппаратты өшіріңіз

Аппаратты пайдаланғаннан кейін қуатты өшіріңіз. Қуат индикаторы 3-5 секунд өткен соң өшеді және желдеткіш тоқтайды. Желілік сымды қоректендіру розеткасынан ажыратыңыз.

G. ШЫҒЫНДАЛАТЫН МАТЕРИАЛДАРДЫ АУЫСТРУ

Кескіштің құрылымы, жинау схемасы және қызмет көрсету

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Кескішті қосу/ажырату және шығындалатын элементтерді ауыстыру операцияларын орындамас бұрын, аппараттың қоректендіру желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз!

Жанартқыш (горелка) бөліктерін жинауды иллюстрацияда көрсетілген реттілікке сәйкес орындаңыз.

Жинау кезінде келесі сәттерге назар аударыңыз:

- диффузорды кері бағытта орнатпаңыз;
- қорғаныш қалпақшаны тығыз бұрап бекітіңіз, бірақ өте мұқият болыңыз, әйтпесе тым қатты күш салу диффузордың бұзылуына әкеледі. Шүмектің тесігі кесу сапасына әсер ететін дәрежеде күйіп қалған кезде, шүмекті жаңасына ауыстырыңыз.

Ескертпе: Шүмек қолданылатын электродқа сәйкес келуі тиіс. Стандартты шүмекті ұзартылған электродпен пайдалануға жол берілмейді және керісінше.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Аппаратқа техникалық қызмет көрсетуді тек білікті персонал ғана жүзеге асыра алады. Әрқашан аппаратты өшіріңіз және желдеткіштің тоқтауын күтіңіз. Аппараттың ішінде өмір үшін қауіпті жоғары кернеулер мен токтар бар. Аппараттың қақпағын мезгіл-мезгіл шешіп, шаңды аз қысымдағы сығылған ауамен үрлеңіз. Сонымен қатар оқшауланған құралдың көмегімен түйіспелердің (контактілердің) күйін тексеріңіз. Кабельдерді жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Кабельдерде сырықтар мен тіліктер болмауы тиіс. Аппараттың ішіне металл бөлшектерінің түсуіне жол бермеңіз, олар қысқа тұйықталуды тудырады. Аппаратты тасымалдау және сақтау кезінде оны ылғал тиюден қорғаңыз. Аппаратты құрғақ, жақсы желдетілетін орында сақтаңыз және оны жоғары ылғалдылықтың, коррозиялық қауіпті газдар мен шаңның әсеріне ұшыратпаңыз. Мезгіл-мезгіл (жылына кемінде 1 рет) компрессордың ауа сүзгісінің күйін тексеру қажет.

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Қызмет ету мерзімі барысында бұйымның жекелеген элементтері мен бөлшектерінің тозуы сөзсіз (ресурстың толық сарқылуы, қатты ішкі немесе сыртқы ластану).

Тозған бөлшектерді ауыстыруды Solaris маркасы компаниясының сервистік қызметінің білікті мамандары жүзеге асыруы тиіс.

Бұйым істен шыққан және пайдалану жөніндегі нұсқаулықта ақауды жою туралы ақпарат болмаған жағдайда, Solaris маркасы компаниясының сервистік қызметіне хабарласу қажет.

Ықтимал ақау: Дайындама толық қалыңдығына дейін кесілмейді.

Себебі: Жұмыс тогының шамасы жеткіліксіз.
Шешімі: Алдыңғы панельдегі реттегіш арқылы ток мәнін арттырыңыз.
Себебі: Кесу жылдамдығы тым жоғары.
Шешімі: Кесу жылдамдығын азайтыңыз.
Себебі: Электрод немесе шүмек тозған.
Шешімі: Электродты немесе шүмекті ауыстырыңыз.
Себебі: Металл қалыңдығы аппараттың шекті мүмкіндігінен асады.
Шешімі: Қуаттырақ аппарат қажет.

Ықтимал ақау: Дайындаманың төменгі бөлігінде шлак түзіледі.

Себебі: Кесу жылдамдығы тым баяу.
Шешімі: Кесу жылдамдығын арттырыңыз.
Себебі: Электрод немесе шүмек тозған.
Шешімі: Электродты немесе шүмекті ауыстырыңыз.
Себебі: Жұмыс тогының шамасы тым жоғары.
Шешімі: Ток мәнін азайтыңыз.

Ықтимал ақау: Тұрақсыз кесу процесі.

Себебі: Ауа қысымы тым үлкен немесе тым кішкентай.
Шешімі: Қысымды реттеңіз.
Себебі: Электрод немесе шүмек тозған.
Шешімі: Электродты немесе шүмекті ауыстырыңыз.
Себебі: Керек-жарақтардың қосылысы сенімсіз немесе салмақ қысқышының дайындамамен жанасуы нашар.
Шешімі: Қосылымның сенімділігін тексеріңіз.
Себебі: Кесу жылдамдығы тым баяу.
Шешімі: Кесу жылдамдығын арттырыңыз.
Себебі: Төмендетілген кіріс кернеуі.
Шешімі: Қоректендіру желісінің күйін тексеріңіз.

Ықтимал ақау: Кесу қалыңдығының біркелкі еместігі.

Себебі: Ауа қысымы тым үлкен немесе тым кішкентай.

Шешімі: Қысымды реттеңіз.
Себебі: Ауа шығыны тым көп немесе тым аз.
Шешімі: Ауа шығынын реттеңіз.
Ықтимал ақау: Кесу қалыңдығының біркелкі еместігі.
Себебі: Кесу жылдамдығы тым жоғары.
Шешімі: Кесу жылдамдығын азайтыңыз.
Себебі: Дайындама материалы біркелкі емес қалыңдықта.
Шешімі: Дайындаманы тексеріңіз.
Себебі: Электрод немесе шүмек тозған.
Шешімі: Электродты немесе шүмекті ауыстырыңыз.
Себебі: Стандартты емес шүмек орнатылған.
Шешімі: Тиісті шүмекті орнатыңыз.
Себебі: Жанартқыштың дайындамаға қатысты еңісуі үлкен.
Шешімі: Кесу операциясын шағын бұрышпен орындаңыз.
Себебі: Ауаның ағуы (жылыстауы).
Шешімі: Сервистік орталыққа хабарласыңыз.
Себебі: Компрессордың ауа сүзгісі ластанған.
Шешімі: Сервистік орталыққа хабарласыңыз.
Себебі: Төмендетілген кіріс кернеуі.
Шешімі: Қоректендіру желісінің күйін тексеріңіз.
Себебі: Желілік сымның көлденең қимасы жеткіліксіз немесе ұзындығы тым үлкен.
Шешімі: Сымдардың күйін тексеріңіз.
Ықтимал ақау: Кесу ені тым үлкен, өңдеу сапасы төмен.
Себебі: Кесу жылдамдығы тым баяу.
Шешімі: Кесу жылдамдығын азайтыңыз.
Себебі: Электрод немесе шүмек тозған.
Шешімі: Электродты немесе шүмекті ауыстырыңыз.
Себебі: Стандартты емес шүмек орнатылған.
Шешімі: Тиісті шүмекті орнатыңыз.
Себебі: Жұмыс тогының шамасы тым жоғары.
Шешімі: Ток мәнін азайтыңыз.
Ықтимал ақау: Басқасы.
Шешімі: Сервистік орталыққа хабарласыңыз.

САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

Егер дәнекерлеу аппараты уақытша немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, оны ылғал, коррозиялық қауіпті немесе уытты газдардың түсуіне жол бермей, құрғақ, жақсы желдетілетін орында сақтаңыз.
Дәнекерлеу аппаратын су мен қардың түсуінен қорғаңыз. Қаптамадағы белгілерге назар аударыңыз. Сақтауға арналған ыдыс құрғақ, ауаның еркін циркуляциясы бар және коррозиялық газ бен шаңсыз болуы тиіс. Рұқсат етілген температура диапазоны -25 °С-тан +55 °С-қа дейін және салыстырмалы ылғалдылық 90%-дан аспайды. Қаптама ашылғаннан кейін, кейін сақтау және тасымалдау үшін аппаратты қайтадан қаптау ұсынылады. (Сақтау алдында тазалау жүргізіңіз, аппаратты пластик пакетке салыңыз, тығыздаңыз және қорапқа орналастырыңыз). Пайдаланушыларда аппаратты сақтау үшін қаптама материалдары әрқашан қолда болуы тиіс.
Егер машина тасымалдау кезінде жылжытылатын болса, онда ағаш жәшік қажет. Жәшікке «Абайлап ұстаңыз» және «Жаңбырдан қорғаңыз» деген жазулар орналастырылуы тиіс.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Аппарат әдеттегі тұрмыстық қалдықтарға жатпайды. Кәдеге жаратылған (утилизацияланған) жағдайда оны тиісті қалдықтарды жинау пунктіне жеткізу қажет. Бұл таңба бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға (утилизациялауға) болмайтынын білдіреді. Аппаратты қайта өңдеу (кәдеге жарату) үшін ресми жинау пунктіне апарыңыз. Осылайша сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Бұйымның кепілдік пайдалану мерзімі соңғы сатып алушыға сатылған күннен бастап 12 айды құрайды.

Өндіруші: Eco Group Hong Kong Limited, Unit 617, 6/F, 131-132 Connaught Road West, Solo Workshops, Гонконг, Solaris (Италия) үшін Қытайдағы өндірістік зауытта.

Зауыт мекенжайы: 4916, Sauce Hongmei Road, Minhang District, Shanghai, Қытай.

Импортер в Республике Казахстан: ТОО «Eco Group Kazakhstan» (ЭКО Групп Казахстан), г. Алматы, Турксибский р-н, ул. Бекмаханова, 92А. Тел.: +7 (771) 760-02-76.

Бұйымның қызмет ету мерзімі — оны дұрыс пайдаланған жағдайда 3 жыл.

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін иесінің есебінен сервистік қызметтің білікті мамандарына тозу өнімдері мен шаңды тазалап, техникалық қызмет көрсетуді орындату қажет. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін бұйымды пайдалануға осы нұсқаулықтың қауіпсіздік талаптарына сәйкес келген жағдайда ғана жол беріледі. Егер бұйым қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмесе, оны кәдеге жарату қажет. Бұйым әдеттегі тұрмыстық қалдықтарға жатпайды.
Кәдеге жарату жағдайында оны тиісті қалдықтарды қабылдау орнына жеткізу қажет. Дайындаушының кінәсінен болған бұйымды құрастыру ақаулары сервистік орталық бұйымға диагностика жүргізгеннен кейін тегін жойылады.
Кепілдік бойынша жөндеу келесі шарттар сақталған жағдайда жүзеге асырылады:
1. Өзіңізбен бірге тауардың зауыттық (сериялық) нөмірі, сатылған күні, сатып алушының қолы мен сауда кәсіпорнының мөрі көрсетілген тауар немесе кассалық чегі, сондай-ақ кепілдік талоны болуы тиіс.
2. Ақаулы бұйымды таза күйінде өткізу.
3. Кепілдік бойынша жөндеу жұмыстары осы кепілдік талонында көрсетілген мерзім ішінде ғана жүзеге асырылады.

Келесі жағдайларда кепілдікті қызмет көрсетілмейді:
1. Кепілдік талоны дұрыс емес немесе түсініксіз толтырылған жағдайда;
2. Сериялық нөмірі анық емес немесе өзгертілген бұйымға;
3. Кепілдік кезеңінде бұйымды өз бетінше жөндеу, бөлшектеу, тазалау және майлау (пайдалану нұсқаулығында талап етілмеген) салдарына; бұған, мысалы, корпус бөлшектерін бекіткіштердің ойық (шлиц) бөліктеріндегі зақымданулар дәлел болады;
4. Пайдалану нұсқаулығының талаптарын бұза отырып немесе мақсатына сай емес пайдаланылған бұйымға;
5. Сыртқы механикалық әсерлерден, агрессивті орта мен жоғары температураның немесе жаңбыр, қар, жоғары ылғалдылық және т.б. сияқты өзге де сыртқы факторлардың әсерінен болған зақымдар мен ақауларға;
6. Бұйымның ішіне бөгде заттардың түсуінен, ұқыпсыз немесе нашар күтім жасаудан болған, нәтижесінде бұйымның істен шығуына әкеп соққан ақауларға;
7. Бұйымға шамадан тыс жүктеме түсу салдарынан пайда болған, нәтижесінде қозғалтқыштың немесе басқа да тораптар мен бөлшектердің істен шығуына әкеп соққан ақауларға;
8. Қарқынды пайдалану нәтижесінде бұйымның және жиынтықтауыш бөлшектердің табиғи тозуына;
9. Бұйымға техникалық қызмет көрсетуге жататын реттеу, тазалау, майлау және басқа да күтім жасау жұмыстарына;
10. Сату кезінде анықталуы мүмкін болған бұйым жиынтығының толық болмауы кепілдік нысаны болып табылмайды;
11. Жұмыс кезінде қысқа мерзімді блокталу (кептелу) нәтижесінде бөлшектердің істен шығуына.

EAC Декларация о соответствии:
ЕАЭС N RU Д-НК.РА07.В.36133/25

УВАЖАЕМЫЙ ПОКУПАТЕЛЬ!

Выражаем Вам свою глубочайшую признательность за приобретение сварочного аппарата Solaris (далее - аппарат).

Производитель оставляет за собой право без уведомления потребителя вносить изменения в конструкцию изделий, технические характеристики и комплектацию для улучшения их технологических и эксплуатационных параметров. Внимательно изучите данную инструкцию по эксплуатации и техническому обслуживанию. Храните её в защищенном месте.

ВНИМАНИЕ! ПЕРЕД ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ВНИМАТЕЛЬНО ОЗНАКОМЬТЕСЬ!

Данный аппарат не предназначен для использования лицами (включая детей) с пониженными физическими, сенсорными или умственными способностями, или при отсутствии у них жизненного опыта или знаний, если они не находятся под присмотром или не проинструктированы об использовании аппарата лицом, ответственным за их безопасность. Дети должны находиться под присмотром для недопущения игр с аппаратом.

Данный аппарат класса А не предназначено для использования в местах жительства, где электрическая энергия поставляется общественными низковольтными системами электроснабжения. В этих местах могут быть потенциальные трудности в обеспечении электромагнитной совместимости из-за кондуктивных, а также излучаемых радиочастотных помех.
Данное оборудование не соответствует требованиям IEC 61000-3-12. Если это оборудование подключают к общественной низковольтной системе электроснабжения, то установщик или пользователь оборудования несет ответственность за обеспечение возможности подключения (если необходимо - при консультации с представителем сетевой организации). Аппарат собран на современной элементной базе, с применением биполярных транзисторов с изолированным затвором (IGBT).

Данный аппарат является переносным аппаратом плазменной резки металлов (плазморез) с принудительным охлаждением.
Аппарат может применяться для резки низкоуглеродистой стали, нержавеющей стали, высокопрочной стали, легированной стали и других цветных металлов.
Аппарату можно найти широкое применение в изготовлении металлоконструкций, котлов, производства труб, медицинского оборудования, машиностроения и многих других отраслях. Аппарат имеет защиту от перегрева, предназначен для работы от однофазной сети переменного тока с номинальным напряжением 230 Вольт.

ВНИМАНИЕ! Работы по резке металла методом плазменной резки требуют большой концентрации и внимательности!
Не приступайте к эксплуатации аппарата, если вы находитесь в утомленном физическом, психическом и эмоциональном состоянии, также, если вы находитесь в состоянии алкогольного, наркотического и психотропного опьянения либо под воздействием лекарств, снижающих внимание.

ПРАВИЛА ТЕХНИКИ БЕЗОПАСНОСТИ

A1. К использованию и обслуживанию аппарата допускается только квалифицированный и специально обученный персонал, ознакомленный с данной инструкцией. В этой инструкции содержится описание, правила безопасности и вся необходимая информация для правильной эксплуатации аппарата. Сохраняйте данную инструкцию и обращайтесь к ней при возникновении вопросов по безопасной эксплуатации, обслуживанию, хранению и транспортировке аппарата.
A2. Перед эксплуатацией обязательно передайте данное руководство или его копию оператору аппарата для ознакомления.
A3. Избегайте контактов с открытыми токоведущими кабелями сварочного аппарата, не прикасайтесь к держателю электрода и свариваемой поверхности.
Не прикасайтесь к месту подключения питания или к другим частям сварочного аппарата, которые находятся под током. Отключайте питание сразу после окончания работы или перед тем, как оставите рабочее место.
Никогда не работайте там, где существует опасность получения электрошока.
A4. Сварочные работы могут привести к пожару!
Не располагайте горючие и легковоспламеняемые материалы ближе, чем 10 метров от места сварки. Старайтесь, чтобы искры и брызги не попали на тело.
Никогда не производите сварку емкостей, в которых могут содержаться легковоспламеняющиеся или взрывоопасные материалы.
A5. Дым и газ, попадающие в воздух при сварке, опасны для здоровья. Перед началом работ убедитесь, что вытяжка и приточная вентиляция исправно работают.
A6. Помните, что при сварке температура обрабатываемой поверхности повышается, поэтому старайтесь не прикасаться к обрабатываемым деталям во избежание ожогов.
